

Қазақстан Республикасы фосфор кәсіпорындарының қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1555

Фосфор кәсіпорындарының қызметін тұрақтандыру, өндірісті қалпына келтіру, фосфор саласын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саладағы проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі үш күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментіне "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамы президенті мен басқарма мүшелерінің кандидатуралары жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті белгіленген тәртіппен "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысына оларды сайлау үшін президент пен басқарма мүшелерінің ұсынылған кандидатураларын енгізсін.

2. "Халықтық банк", "ТұранӘлембанк" және "Қазкоммерцбанк" акционерлік қоғамдарының:

"Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамын қаржыландыру және несиелік қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін консорциум құру туралы;

"Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамын қаржыландыруға 60 (алпыс) миллион АҚШ доллары мөлшерінде несиелік желі ашу туралы;

үш айлық мерзім ішінде аудит өткізу және "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамын дамытудың техникалық-экономикалық негізін дайындау туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының бөлінген несиелер жөніндегі міндеттемелерін атқаруын қамтамасыз ету ретінде бара-бар негізде көрсетілген банктердің консорциумына "Қазақтелеком", "Маңғыстаумұнайгаз", "Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамдарының акциялары мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігін кепілге берсін.

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамы акцияларының эмиссиясын тіркеуді жүзеге асыру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының акциялардың эмиссиясы үшін бағалы қағаздармен операцияларға салық төлеуді бір жылға ұзарту туралы өтінішін қарасын.

6. "Қазақстан темір жолы" мемлекеттік республикалық кәсіпорны ағымдағы төлемдерді атқаруы шартымен "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелерінің ("Таразфосфор", "Минералдық тыңайтқыштар заводы", "Фосфор", "Химкөлік"), "Фосфорит", "Шымкентфосфор" еншілес акционерлік қоғамдарының жүктерін уақтылы ресімдеуді және тасымалдауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "Нодфос", "Қаратау", "Суперфосфат заводы", "Фосфор" акционерлік қоғамдарының лицензиялары мен басқа да құқығын белгілейтін құжаттарын "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамына, "Фосфорит", "Шымкентфосфор" еншілес акционерлік қоғамдарына қайта ресімдесін.

8. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен бір айлық мерзім ішінде "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының "Фосфор" акционерлік қоғамының фосфаттар үйінділерін қоса алғандағы техногендік кен орындары мен фосфор жыныстарын пайдалану құқығына арналған лицензияларын ресімдеуді аяқтасын, сондай-ақ бұрын берілген лицензияларды кері қайтарып алсын.

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының шикізат базасы мен өнеркәсіптік кәсіпорындарының аумақтарын күшейтілген күзетуді ұйымдастырсын.

10. Осы қаулыны атқару жөнінде үйлестіру және бақылау үшін қосымшаға сәйкес құрамда үкімет комиссиясы бекітілсін.

11. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері

"Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге жәрдем көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

12. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылданған Үкімет актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

13. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі А.Ә.Жабагинге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1555 қаулысына
қосымша

Үкімет комиссиясының құрамы

- А.Ә.Жабагин - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрі, төраға
- А.Г.Савченко - Жамбыл облысы әкімінің
бірінші орынбасары
- В.М.Иванов - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Салық комитеті
төрағасының орынбасары
- С.Т.Орымбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің
департаменті бастығының
орынбасары (келісім бойынша)
- Б.М.Мәдиев - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік мүлік
пен активтерді басқару департаменті
Жеке жобалар басқармасының бастығы
- С.Д.Әжіханов - Қазақстан Республикасы Бас
Прокуратурасының бөлім бастығы
/келісім бойынша/
- А.Қ.Дауылбаев - Әділет вице-министрі
- А.Мырзахметов - "Қазақстан темір жолы" РМК бас
директорының бірінші орынбасары
- К.Мәсімов - "Халықтық банк" ашық акционерлік
қоғамы басқармасының төрағасы

Ө.Е.Шүкеев - "ТұранӘлембанк" акционерлік
қоғамы басқармасының төрағасы

Е.Д.Фельд - "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік
қоғамының басқармасы төрағасының
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК